БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 122 (9184) | 1953 жылғы 20 июнь Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Совет үкметі мен Коммунистік партияның күнделікті қамқорлығы арқасында колхоздар, МТС-тер, ММС-тер және совхоздар жаңа техникамен барған сайын үздіксіз жабдықталуда. Бұл—егіншілік пен мал шаруашылығының мәдениетін үздіксіз жақсартуға, ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін қауырт арттыруға мүмкіндік береді.

# Жемшөп дайындау жоспарын ойдағыдай орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетейік!

## Ақтөбе облысы колхозшыларының, колхозшы әйелдерінің, МТС, ММС, совхоз қызметкерлерінің, ауыл шаруашылығы мамандарының Қазақ ССР ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілеріне ҮНДЕУІ

Қымбатты жолдастар!

Совет халқы партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларын жауынгерлік программа, біздің елімізде коммунизмнің жеңіліс құрылысын онан әрі өрістетудің нақты жоспары ретінде қарсы алды. Бұл жоспарды жүзеге асыру миллиондаған жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенцияның көкейтесті және тәл ісіне айналып отыр. Еліміздің еңбекшілері Совет Одағы Коммунистік партиясы алға қойған тарихи міндеттерді орындаудан өздерінің күші мен еңбегін аямайды.

Совет үкметі мен Коммунистік партияның күнделікті қамқорлығы арқасында колхоздар, МТС-тер, ММС-тер және совхоздар жаңа техникамен барған сайын үздіксіз жабдықталуда. Бұл—егіншілік пен мал шаруашылығының мәдениетін үздіксіз жақсартуға, ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін қауырт арттыруға мүмкіндік береді.

Біздің облыстың ауыл шаруашылығы еңбекшілері СОКП XIX съезінің тарихи қарарларын орындау жолында күресе отырып, 1952 жылы ауыл шаруашылығын өркендетуде, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуда, машина-трактор және машина-малшаруашылық станцияларының және совхоздардың жұмысын жақсартуда бірқатар жақсы нәтижелерге ие болды.

1952 жылы облыстың колхоздары мен совхоздары жемшөптің жеткілікті қорын жасап алды. Мұның өзі мал қыстатуды ойдағыдай өткізуге және мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Біз жемшөптің берік қорын жасамайынша мал шаруашылығын өркендетуге болмайтынын біздің колхоздың колхозшылары жақсы біледі. Мал азығының мол қорын жасау үшін шөп шабуға жылма жыл алдын ала тыңғылықты әзірлік жүргізіп, оны ойдағыдай аяқтаймыз. Біз быйыл да пішен шабуға үлгілі әзірленіп, оған ұйымшылдықпен кірістік. Мал шаруашылығы үшін құнарлы жемшөптің мол қорын жасау жолындағы күресте колхозшылар белсене еңбек етуде. Шөп шабуға қолда бар күш- мүмкіншілік алғашқы күндердің

Булаев ауданындағы Ұзынкөл совхозының таңдаулы сауыншылары Нұрби Сағындықова мен Мария Кисленко жолдастардың әрқайсысы өздеріне бекітіліп берілген бірінші бұзаулаған 16 сыйырдың әрбіреуінен күн сайын 10 литрден аса сүт сауады.

СУРЕТТЕ: сауыншылар **Н. Сағындықова** мен **М. Кисленконың** сыйыр саууға кетіп бара жатқан кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Шөпті кезінде шауып, жыйнаймыз

Жемшөптің берік қорын жасамайынша мал шаруашылығын өркендетуге болмайтынын біздің колхоздың колхозшылары жақсы біледі. Мал азығының мол қорын жасау үшін шөп шабуға жылма жыл алдын ала тыңғылықты әзірлік жүргізіп, оны ойдағыдай аяқтаймыз. Біз быйыл да пішен шабуға үлгілі әзірленіп, оған ұйымшылдықпен кірістік. Мал шаруашылығы үшін құнарлы жемшөптің мол қорын жасау жолындағы күресте колхозшылар белсене еңбек етуде. Шөп шабуға қолда бар күш- мүмкіншілік алғашқы күндердің

## Депутаттар мал шаруашылығын өркендету күресінде

Преснов ауданындағы Спасовка селолық Советінің 16 депутаты бар. Булардың көпшілігі колхоздың шаруашылық жұмыстарында қолма-қол жұмыс істеп, колхозшы шаруаларды табыстан-табыска бастауда.

Советтің депутаты Воронаев жолдас өзі дауысқа түскен округтің сайлаушыларымен кездескенде «Сіздер маған зор сенім білдіріп, депутаттыққа кандидат етіп ұстаныш отырсыздар. Мен бұл көрсеткен сенімдеріңізге колхоз шаруашылығында қажырлы еңбек етумен жауап беремін, сенімдеріңізді адалдықпен актаймын» деген болатын. Ол бұл сөртін кәзір іс жүзінде орындап та жүр. Воронаев жолдас басқарған сыйыр малы фермасында мал қыстату, тәл алу маусымдары үлгілі аяқталды. Әрбір 100 сыйырдан 99 бұзау алынып, шығынсыз өсірілуде. Кәзір фермада сүт алу жөніндегі міндеттемені мерзімінен бұрын орындау жолындағы күрес қыза түсуде.

Жергілікті Советтің депутаты шопан А. Анисимова жолдас та әрбір 100 саулықтан 115 қозы алып, сайлаушыларға берген сөртін мінсіз орындап келеді. Сол сияқты, депутат Белый, Турченко жолдастар да қой және бұзау күтуде еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп келеді.

Депутаттар өздерінің ғана қол жеткен жетістіктерімен қанағаттанбайды. Олар фермаларда жұмыс істеп жүрген колхозшылар арасында саяси-бұқаралық жұмыстарын жүргізеді. Малшылардың жұмысына қолма-қол көмек көрсетеді. Мәселен, депутат Белый жолдас тәл алу кезінде шопан Зайбертке күнбе-күн нақтылы ісімен көмек көрсетті. Осының нәтижесінде Зайберт жолдас әрбір 100 саулықтан 122 қозы алуға жетісті.

лігін біраз арттыруға мүмкіндік берді.

Алайда, жемшөп базасын жасау жөнінде біздің жұмысымызда әлі де көп елеулі кемшіліктер болып келеді. Бірсыпыра колхоздар мен совхоздарда өткен жылы шөп жыйнау уақтқа созылды, мұның аяғы пішеннің азықтық сапасының төмендеуіне әкеліп соқты. Сүрленген шөп, тамыр жемісті және басқа да құнарлы жемшөптер аз дайындалды. Мұның бәрі малды шығынсыз өсіруге және оның өнімділігін арттыруға кері әсерін тигізді. Үстіміздегі жылы колхоздар мен совхоздарда қоғамдық малдың саны едәуір көбейді. Осыған байланысты жемшөпке қажеттілік көп артып отыр.

Біз, колхозшылар, колхозшы әйелдер, МТС, ММС және совхоз қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары партия мен үкметтің жемшөптің берік қорын жасау—малдың санын одан әрі тез көбейтудің және оның өнімділігін арттырудың басты шарты және кепілі болып табылатындығы жөніндегі нұсқауларын жақсы түсінеміз. Сондықтан біз колхоздар мен совхоздарда қоғамдық өскелең мал шаруашылығы үшін жемшөптің берік қорын жасауға ішкі мүмкіншіліктер мен ресурстарды толық пайдалану жөнінде барлық шараларды қолданамыз.

Біз өзімізге мынадай міндеттемелер қабылдаймыз:

1. Үстіміздегі жылы әрбір колхоз бен совхозда жай жемшөптің біржарымжылдық қорын жасаймыз. Ал, құнарлы жемшөпті жоспарда белгіленгеннен екі есе көп дайындаймыз. Бұдан басқа әрбір колхоз бен совхозда мал шаруашылығының қажетіне арнап тиісті жем қорын жасаймыз.

2. Пішен жыйнауды және жемшөп сүрлеуді деркезінде өткізгенде ғана қоғамдық мал шаруашылығын жоғары сапалы жемшөппен қамтамасыз етуге болатынын ескере отырып, біз үстіміздегі жылы пішен жыйнауды дәнді дақылдар жыйнау жұмысы басталғанға дейін толық аяқтап шығуға үйғардық.

3. Жайылым участоктерінде бағылатын малды жемшөппен толық қамтамасыз ету мақсатымен әрбір жайылым участогінде жай шөптің қажетті және сақтық қорын жасаймыз.

4. Ерте жыйналған шөпті сүрлеу жоспарын ең әрі дегенде 1 июльде және кеш жыйналған шөпті сүрлеу жоспарын 20 сентябрьден қалдырмай орындаймыз.

Жемшөп дайындауды ойдағыдай өткізу үшін біз мынадай шараларды жүзеге асыруды белгіледік:

әр колхоз бен совхозда жемшөп өндіру және жемшөп дайындау жөнінде арнаулы бригадалар ұйымдастырып, оларды жұмыс жоспарларымен және жұмыс графиктерімен қамтамасыз етеміз;

суару жұмыстарын деркезінде жүргізіп отыруды қамтамасыз етуге және көпжылдық, біржылдық, жемшөптік тамыр жемісті дақылдардан мол өнім алуға барлық шараларды қолданамыз. Үстіміздегі жылы көпжылдық шөптердің тұқымдық участоктеріне деркезінде күтім жүргіземіз және уақытылы жыйнап аламыз, сөйтіп, облыстың барлық колхоздары мен совхоздарын өз тұқымымен қамтамасыз етеміз.

Шөптің талан-таражға түсуін және орынсыз пайдаланылуын болдырмау үшін шөп шабудың алғашқы күнінен бастап шабылған шөпті және дайындалған пішенді дұрыс есепке алып отырамыз, оны толық сақтаймыз.

Біз малды қыста бағуға әзірлеуді мал қыстату науқанын ойдағыдай өткізудің қажетті шарттарының бірі деп біледі. Малдың қоңдылығы міндетті түрде жоғары болуы керек. Үстіміздегі жылы біз мұны қамтамасыз етеміз. Бұл үшін жайылымдар мен суаттарды барлық малды жазда жайып семірту мақсатына тиімді пайдаланамыз.

Жемшөптің берік қорын жасау жөнінде өзімізге жауапты міндеттемелер ала отырып, біз республиканың барлық колхозшыларын, колхозшы әйелдерін, МТС-тердің, ММС-тердің және совхоздардың қызметкерлерін, ауыл шаруашылығының мамандарын колхоздар мен совхоздардың өнімді мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жоспарды толық және асыра орындау, әрбір колхоз бен совхозда жоғары сапалы жемшөп дайындау жоспарын деркезінде орындау, әрбір колхоз бен совхозда қоғамдық малдың үлгілі қыстатылуына толық жағдай жасау жолындағы социалистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістетуге шақырамыз.

Біз істі ұйымдастырғанда жемшөп дайындау жолындағы социалистік жарысқа әрбір колхозшының, әрбір колхозшы әйелдің, МТС-тердің, ММС-тердің және совхоздардың әрбір қызметкерінің қамтылатын болуын, олардың әрқайсысының өздеріне нақты және көтеріңкі міндеттемелер алуын, бұл міндеттемелердің аброймен орындалуын қамтамасыз етерліктей етіп ұйымдастыруға шақырамыз.

Үстіміздегі жылы қоғамдық малды жылы қорада және жемшөптің мол қоры жағдайында қыстатуға не керектің бәрін істейміз.

Барлық күшті және мүмкіншілікті жемшөп дайындау жоспарын ойдағыдай орындауға жұмылдырайық!

**ҮНДЕУ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ КОЛХОЗШЫЛАРЫНЫҢ, МТС, ММС ЖӘНЕ СОВХОЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН МАМАНДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЖЫЙНАЛЫСТАРЫНДА ТАЛҚЫЛАНЫП, ҚАБЫЛДАНҒАН.**

*Қазақстан КП Орталық Комитетінде*

## Ақтөбе облысы колхозшыларының, МТС-терінің, ММС-терінің және совхоздарының қызметкерлері мен ауыл шаруашылығы мамандарының үндеуі туралы

Қазақстан КП Орталық Комитеті Ақтөбе облысы колхозшыларының, МТС-терінің, ММС-терінің, совхоздарының қызметкерлерінің және ауыл шаруашылығы мамандарының колхоздар мен совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығы үшін үстіміздегі жылы біржарымжылдық жемшөп қорын жасау және шөп шабу науқанын кезінде өткізу жөнінде республика ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлеріне арнаған үндеуін мақұлдады.

Қазақстан КП облыстық комитеттеріне, аудандық комитеттеріне, колхоздардың, МТС-тердің, ММС-тердің және совхоздардың бастауыш партия ұйымдарына Ақтөбе облысы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің үндеуін колхозшылардың, МТС-тердің, ММС-тердің және совхоздардың жұмысшыларының жалпы жыйналыстарында талқылау, жай және құнарлы жемшөп дайындау жұмыстарын деркезінде және сапалы өткізу, тамыр жемісті дақылдар мен екпе шөптердің жазғы күтімі жөнінде нақтылы шаралар белгілеу және социалистік жарысты кеңінен өрістету негізінде әрбір совхоз бен колхоздың үстіміздегі жылы қоғамдық мал шаруашылығы үшін кемінде біржарымжылдық жемшөп қорын дайындауын қамтамасыз ету тапсырылды.

тімді пайдаланылып келеді. Шөп машиналары, ат тырнауыштары және басқа да құрал-жабдықтар түгелдей жұмысқа қосылды.

Быйыл колхозда 5900 гектар жердің шөбі шабылып, 37 мың центнер пішен дайындалуға тиісті. Бұл міндетті ойдағыдай орындауға бізде не қажеттің бәрі де бар. Құнарлы шабындықтар жеткілікті және олардың шөбінің шығымдылығы жақсы. Оның үстіне 630 гектар көпжылдық екпе шөбіміз бар. Оның шөбі де бітік өсіп келеді. Екпе шөп участоктерінің әрбір гектарынан 20 центнерден өнім алынатындығында сөз жоқ.

Шабындықтардың мол болуымен, олардың шөбінің бітік өсуімен іс біттейді. Істің тетігі — шабындықтардың шөбін қысқа мерзім ішінде және сапалы күйінде шауып, жыйнап үюде болып табылады. Осы мақсатқа жету, жемшөпті көп өндіру үшін арнаулы бригада ұйымдастырдық. Олардың әрқайсысына шабындық жерлер, күш-көлік бөлініп берілді.

Қазір колхоздың шабындық жерлерінде екі өздігінен жүретін, үш тіркемелі кеңалымды және бес көлік шөп машинасымен пішен шабылуда. Олардың барлығының дерлік тоқтаусыз жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. Бұл машиналармен күн сайын 185—200 гектар жердің шөбі шабылып жүр.

Шөп шабуда машинистер стахановтық еңбектің үлгілерін көрсетіп келеді. Олардың басым көпшілігі смена сайын норманы асыра орындауға жетісулі. Мәселен, машинист И. Голышкин және тракторшы Ольга Луценко жолдастар бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс істеу нәтижесінде шөп шабуда келелі табыстарға ие болуда. Олардың агрегаты бір сменада 20 гектар орнына, 32—35 гектар шабындықтың шөбін шауып, норманы үнемі біржарым есе артық орындайды. Өздігінен жүретін шөп машинасын жүргізуші Н. Устименко жолдас та шөп шабуда норманы күнбе-күн мінсіз орындап жүргендердің бірі. Сол сыяқты, И. Демиденко жолдас көлік шөп машинасымен әрбір сменада 4 гектар жердің пішенін шабады.

Шабындық жердің шөбін сапалы күйінде шауып алу үшін тек шөп машиналарын ғана жұмысқа қосу жеткіліксіз. Өйткені, оралымы тар, ағаш бауырындағы шабындық жерлердің шөбі машиналармен шабу-

тері жеткілікті бөлінді. Пішенді жыйнап маялауда таңдаулы колхозшылар жұмыс істейді. Олардың әрқайсысына күндік, бескүндік тапсырмалар тағайындалып берілді. Тапсырманың орындалуын біз күн сайын бақылап және талап етіп отырамыз. Шабылған шөп —мезгілімен жыйналып, маялағанда ғана малға азық. Осыған жете назар аударып, біз шөпті жыйнап, маялаудың арнаулы графигін жасадық. Қазір әрбір пішен бригадасында шөп шабылысымен жыйналып, маяға салынады. Бізде шөп шабу, жыйнау және оны маялау жұмыстары арасында ешбір алшақтық жоқ.

Колхозда екі трактор, 11 көлік тырнауышы бар. Шөп жыйнау жұмыстарында бұл тырнауыштар толық қуатымен пайдаланылып келеді. Н. Дрозд жолдас сыяқты тырнауышылардың еңбек көрсет кіштерінің өзі, міне, осыны дәлелдейді. Ол трактор тырнауышымен, күніне 60—65 гектар жердің шөбін жыйнайды.

Быйыл дайындалған жемшөпті жер қарада түгелдей мал қоралары жанына тасып үйеміз. Осыған сәйкес қазір шөп тасуда 21 арба жұмыс істейді. Бұл күндері 15 арбамен мал қоралары жанына күніне 130—150 центнерден шөп тасылып, жүр. Қазірдің өзінде мал қыстайтын орындарға мың центнерден астам шөп тасылып үйілді. Шөп тасуда П. Петренко, Н. Малахов жолдастар өнімді жұмыс істеуде. Олар мал қоралары жанына күн сайын 17—20 центнерге дейін шөп тасыйды.

Бұл айтылғандардан шөп шабу, жыйнау және оны маялау жұмыстарында ешқандай кемшіліктер жоқ деген ұғым тумайды. Бізде жемшөп өндіруге күш-мүмкіншілік әлі де болса толық пайдаланылмай келеді. Сөз жоқ, бұл жұмыстың аталған участоктерін табысты жүргізуге едәуір дәрежеде нұқсан келтіріп отыр. Колхоз басқармасы мен партия ұйымы келешекте мұндай кемшіліктерді дереу жойып, мал азығын өндірудің қарқынын арттырып, сапасын жақсарта түседі. Сөйтіп, біз үстіміздегі жылы қоғамдық мал шаруашылығының жемшөп жөніндегі қажетінің мінсіз өтелуін қамтамасыз етеміз.

**А. ВЛАСЮК,**
**Булаев ауданы, «Гигант» колхозының председателі.**

## Сүт мол алынды

Малды жайып бағуды ұйымдастырар алдында Ленин атындағы колхоздың (Преснов ауданы) мал өсірушілерінің жете назар аударған мәселесінің бірі —қоғамдық малдың тойына оттауын қамтамасыз ету, оның өнімділігін арттыру болды. Сауын сыйырларды бағуға оты мен суы мол жайылымдар бөлінді. Қазір сауын сыйырлар осындай құнарлы жайылымдықтарда дұрыс бағылады. Осының нәтижесінде олардан алынатын сүттің мөлшері өткен жылғыдан едәуір арта түсті. Сауыншылар қарамағындағы сауын сыйырлардан сүтті көп алуда.

Сауыншылар Н. Ермакова, З. Бейсенбина, Н. Вегель жолдастар сүт алуда жақсы табыстарға жетіп жүр. Ермакова жолдас май айында қарамағындағы сауын сыйырлардан 2400 литр сүт саууға тиіс еді. Ол мұның орнына 2558 литр сүт алып, айлық жоспарды артығымен орындады.

Сөйтіп, колхоздың товарлы-сүт фермасында май айының өзінде сауын сыйырлардан 28745 литр сүт сауылды. Сүт тапсырудың айлық жоспары 140 процент орындалды.

**Б. РАМАЗАНОВ.**

осылай қажырлы еңбек етуі «Путь к социализму» колхозында мал өсірудің 1953 жылға арналған мемлекеттік жоспарының сыйыр малы, қой-ешкі, жылқы жөнінен көзірдің өзінде едәуір артық орындалуына мүмкіндік берді.

**М. НАЗАРИН.**
**Б. НЕКІБАЕВ.**

## Озат бригадада

Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Полудень ауданы) Д. Иванов жолдас басқарған өндірістік бригадасының мүшелері арасында қоғамдық мал шаруашылығы үшін құнарлы жемшөптің мол қорын жасау жолындағы социалистік жарыс кеңінен өріс алған.

Машинистер социалистік жарыста алда келеді. Олар өздері жүргізетін шөп машиналарын ұдайы жоғары техникалық күтімде ұстап, шөп шабуға толық қуатымен қосып келеді. Осының нәтижесінде машинистер смена сайын норманы артығымен орындауға жетісулі. Осындай машинистердің бірі—И. Вербило жолдас. Ол көлік шөп машинасымен шөп шабады. Вербило жолдас сменасына 3 гектар орнына 3,5-4 гектар жердің шөбін шауып, норманы күн сайын мінсіз орындап жүр. Қазір ол өзі жүргізетін шөп машинасымен ондаған гектар шабындықтың шөбін шапты. Бұдан машинист Р. Швеглер де қалыспай келеді. Соңғы күндерде оның шөп машинасының күндік жұмыс өнімділігі 4 гектарға жетті.

Бригадада шөп шабу, жыйнау, маялау жұмыстары бір-бірімен ұштастырыла жүргізілуде. Бұл —шөпті шабу мен жыйнау арасында алшақтықтың болмауына зор мүмкіншілік туғызуда. Сонымен бірге, мұнда шөпті маяға салмай, бірден мал қораларының қасына тасып үюге 5 арба бөлінген. Бұл арбалармен қазір мал қоралары жанына күніне 150 центнерден астам шөп тасылып үйілді.

**В. БОДРОВ.**

## Норманы асыра орындайды

Бұл күндері Мамлют совхозының шабындық жерлерінде 3 өздігінен жүретін, үш шалғылы 2 кеңалымды шөп машинасы мен бірнеше ат шөп машинасы тоқтаусыз жұмыс істеуде.

Шөп шабуда машинистер өздері алған көтеріңкі міндеттемелерін мінсіз жүзеге асыруда. Машинист С. Мұстафин, тракторшы Б. Мойсейітов жолдастар агрегатта жұмысты ынтымақтаса істейді. Соның нәтижесінде шөп шабу басталғалы бұлардың агрегаты бірде-бір минут жұмыс уақытын босқа өткізген емес. Мәселен, алғашқы жұмыс күндерінде 27 гектар жердің шөбі шабылса, соңғы күндері бұдан да артық шабылып жүр. Сол сыяқты машинист А. Горелов жолдас та шөп шабуда көрнекті табысқа ие болуда.

Совхозда шабылған шөп кешкеннен кейін-ақ жыйналып, ол маяға да салынуда.

**Г. ЧЕРНОВ.**

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

# КОЛХОЗДАРҒА БАСШЫЛЫҚ ЕТУ ІСІН ЖАҚСАРТА БЕРЕЙІК

☆

*Н. БОБРОВ,*
*ҚКП Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің секретары*

☆

Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі социалистік ауыл шаруашылығын жаңадан мықтап өркендетудің программасын жасап берді. Сондықтан да, ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларда «Ауыл шаруашылығы жөніндегі басты міндет алдағы уақытта да барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық малдың санын онан әрі көбейту, сонымен қатар оның өнімділігін едәуір арттыру, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі нығайтып, өркендету жолымен, ауыл шаруашылығына озат техника мен агрономиялық мәдениетті енгізу негізінде совхоздар мен МТС-тердің жұмысын жақсарту жолымен егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін ұлғайту міндеті болып қала береді» деп атап көрсетілді.

Партияның Орталық Комитеті мен Совет үкметінің күн сайын көрсетіп отырған үздіксіз қамқорлығы мен зор көмегіне жауап бере отырып, Солтүстік Қазақстан облысының егіншілері ауылшаруашылығын өркендетуде елеулі табыстарға жетуде. Соңғы үш жыл ішінде облыс Қазақстанның негізгі астық қоймаларының біріне айналды. Облыста жоғары сапалы астық және жаздық бидай өндіру ісі ойдағыдай жүргізіліп келеді. Жыл сайын барлық ауылшаруашылық дақылдарының көлемі ұлғаюда. Тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана колхоздарда ауылшаруашылық дақылдарының көлемі соғыстан бұрынғымен салыстырғанда 33 процент артып отыр. Бұл уақыт ішінде МТС-терде трактор және комбайн парктері бірнеше есе көбейтілді.

Коммунистік партия мен Совет үкметінің қалтқысыз көмегіне сүйене отырып, облыс еңбекшілері партия ұйымдарының, совет және ауылшаруашылық органдарының басшылығымен дәнді және басқа да ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін едәуір арттырды. Өткен жылы 1947 жылмен салыстырғанда, колхоздарда дәнді дақылдардың жалпы өнімі 152 процент артты. Мұның өзі облыстың колхоздары мен совхоздарына соңғы үш жыл бойына астық тапсырудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындауға, тұқым қорын жеткілікті етіп құйып алуға, колхозшылардың еңбек күніне тиетін астықты едәуір көбейтуге мүмкіндік берді. Егіншіліктің жалпы өнімінің артуы, колхоздарымыздың астықты соңғы үш жыл ішінде соғыстан кейінгі алғашқы бес жылда мемлекетке өткізілгендегіден 1,7 есе артық өткізіпке жалпы жазды рын мерзімінен бұрын орындап, тұқым қорын толық құйып алды, қоғамдық малды жемшөппен қамтамасыз етті, колхозшылардың ақшалай және заттай табыстары молая түсті. Колхоз партия ұйымдарының есебінде тұратын коммунистер қоғамдық еңбекте басқаларға үлгі өнеге көрсетіп отырды.

Бұған мысалға ауданның Молотов атындағы колхозын алуға болады. Колхоз партия ұйымы партиялық-саяси жұмысты үздіксіз жүргізе отырып, колхоз басқармасына тығырықты көмек көрсетеді, колхозшыларды алда тұрған шаруашылық міндеттерді ойдағыдай орындауға жұмылдырады. Сондықтан да, бұл колхоз аудандағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтың бірі болып отыр. Өткен жылы колхоздың бөлінбейтін қоры 1950 жылмен салыстырғанда, 41 процент артты. Бұл уақыт ішінде колхоздың ақшалай кірісі 63 процент өсіп, әрбір колхозшының үйіне кіретін ақшалай кіріс екі есе көбейді. Соның нәтижесінде артель мүшелерінің қоғамдық шаруашылыққа белсене қатысуы қамтамасыз етілуде. Колхозда көптеген өндіріс құрылыстары салынуда. Тек соңғы үш жылдың ішінде ғана мұнда стандартты бес мал қорасы салынды. Колхоз басқармасы мен партия ұйымы артель мүшелерінің мәдени дәрежесін арттыру ісіне үнемі қамқорлық жасап отырады. Колхозда үлкен клуб бар, онда көркем өнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. Мұнда селолық лекторий, оқу үйі, жетіжылдық мектеп және радио торабы бар.

Бұл сияқты мысалдарды Соколов ауданының «Победа» колхозынан, Конюхов ауданының «Красная крепость», Петропавл ауданының «Луч Ленина» миллионер колхозынан, Преснов ауданының «Жизнь» және Маленков атындағы колхоздарынан т. б. кездестіруге болады. Бұл мысалдар қай жерде партия комитеттері партия ұйымдарына тығырықты басшылық етіп, олардың ұйымдық-саяси жұмыстарын жақсартып отырса, сол жерде шаруашылық табыстарының ойдағыдай ұйымдастырылатындығын көрсетеді.

Алайда, ауыл шаруашылығына басшылық етуде партия ұйымдарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Бұл кемшіліктер әлі де болса көптеген колхоз партия ұйымдарының партиялық-седательдерінің идеялық-саяси білім дәрежесін арттыруға көмектесіп отырмайды, оларды кемшілікке төзбеу, партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау рухында тәрбиелемейді.

Ауыл шаруашылығына басшылықтың дәрежесін арттыра беру, колхоздарды іскер және саяси даярлығы жеткілікті кадрлармен нығайтып отыру, ауыл шаруашылығы қызметкерлерін идеялық-саяси жағынан тәрбиелеу, олардың тапсырылған іске жауапкершілігін арттыра беруміне, партия ұйымдарының алдында тұрған басты міндет осы болып табылады.

Алайда, колхоздар мен МТС-тердің жұмысына басшылық етуде бірсыпыра партия, совет органдары және облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы елеулі кемшіліктер жіберіп отыр. Кейбір, партия, совет органдарының қызметкерлері колхоздар мен МТС-тердің өндіріс жұмысына байыппен қарап, оған терең талдау жасамайды. Соның салдарынан олар қателіктер мен кемшіліктерді болдырмау үшін алдын ала шаралар белгілеп отырмайды, тек кемшіліктер етек ала бастағаннан кейін ғана оны жоюдың шараларын іздестіре бастайды.

Мұның үстіне жеке колхоздар мен МТС-тердің басшылары мемлекеттік тәртіпті бұзады. Сөйтіп, олар көктем егісі, егін орағы, шөп шабу сияқты науқандарды мерзімінде орындап шығуға барлық күшті жұмылдырмайды, бұл науқандарды көп уақытқа дейін созумен болады. Мысалы, Вильямс атындағы МТС-тің басшылары (директоры Серебрянский, оның саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Афанасенко жолдастар) МТС-тің машина, құрал-жабдық және жанар, жағармаймен толық қамтамасыз етілгеніне қарамастан, оның трактор жұмысының жылдық жоспарын орындауына ойдағыдай басшылық ете алмай отыр. Басшылардың бейқамдығынан МТС-те тракторлар сапасыз жөнделеді, соның салдарынан МТС колхоздармен жасасқан шарттарын орындай алмай келеді. МТС механизаторларының арасында саяси-тәрбие жұмысы дұрыс жолға қойылмаған. МТС басшылары коллективті мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау, жоспарды орындау, өндірістік жұмысты жақсарту ісіне бағыттап отырмайды. Кәзір МТС-те сағаттық график бойынша жұмыс істейтін бірде-бір трактор бригадасы жоқ.

Бұл сияқты кемшіліктер мал шаруашылығына басшылық ету ісінде де орын алып келеді. Көптеген колхоздарда мал шаруашылығын өркендету ісі ойдағыдай болмай отыр. Облыс колхоздарында мал

Өткен жылы авиомодельші-спортшылардың бүкілодақтық жарысында алматылық радиотехник П. Величковский дүниежүзілік үш рекорд жасады.

Кәзір авиомодельші болғалы отырған жарыстарға жаңа модельдер әзірлеуде.

СУРЕТТЕ: **П. Величковский** модель монтажын жасауда.

Суретті түсірген **И. Будневич.** **(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).**

## Алматы киностудиясының жаңа шығармалары

Алматының көркем және хроникалы фильмдер киностудиясы қазақ жазушысы Мүсреповтың «Қозы Көрпеш және Баян сұлу» пьесасы бойынша «Махаббат туралы поэма» деген спектакль-кинокартина жасауға кірісті. Фильмнің режиссерлері мен постановщиктері — Айманов пен Гаккель. Мұнымен бірге «Қазақстанның малшылары» деген түсті ғылми-тартымды толық, метражды фильм түсіру жұмысы басталды. Оның режиссері Томберг.

«Қазақ искусствосы шеберлерінің концерті» деген түсті кинокартинаны түсіруге әзірлік жұмыстары жүргізілуде. Өндірісте түсіріліп жатқан көркем кинокартиналардан басқа, быйылғы жылдың аяғында Фатуевтің сценарий бойынша «Даланың қызы» («Нұржамал») деген үлкен көркем кинофильм түсіру жұмысы басталады. 1954 жылы «Телғараның қатесі» (авторы Тәжібаев) және «Жігіт қыз» (авторлары Құсайнов пен Абызов) деген көркем фильмдер жасау ісі белгіленіп отыр.

**(ҚазТАГ).**

## Көркемөнершілердің концерті

Жуырда мәдениет және демалыс пар-

# Көрнекті совет жазушысы

(Ф. В. Гладковтың туғанына 70 жыл)

Көрнекті совет жазушысы Федор Васильевич Гладков — еңалдымен, ұлы Горький сияқты, әсресе, балалық және жастық шағында өткен қытымыр заманның аштық-азабын көріп, «Өмір университетінен» өткен және мұны өз творчествосында кең көлемде шебер бейнелей білген талантты жазушылардың бірі. Гладков қаламы төселген қарт совет жазушыларының бірі ретінде әдебиетімізді дамыту ісіне аса зор үлес қосып келеді.

Федор Васильевич 1883 жылы 20 июньде Саратов губерниясындағы Чернавка деревнясында туды. Гладковтардың семьясы сол кездегі реформадан кейінгі дәуірдегі, ауыр тұрмыстың бұғілі аза бын көрген семья болатын. Бұл кезде қайыршыланған шаруалар «кәсіп» іздеп, қалаларға өндіріс орындарына кетіп жататын. Гладковтар күнкөріс үшін Каспийдің балық аулау кәсіпшіліктерін, Кавказды аралады.

Болашақ жазушы өзбетімен ерте сауатын ашады, сөйтіп, оқуға түскенде Лев Толстойдың, Тургеневтің, Гогольдің, Пушкиннің, Лермонтовтың біраз шығармаларымен таныс болатын.

Кейіннен ол дәрі-дәрмек сататын дүкенде, литографияда қол баланың міндетін атқарды, ал, соңынан баспаханаға әріп терушілікке үйренуші болып орналасады. Жарты жылдан соң ақ ол өзбетімен жұмыс істейтін болады. Осы кезде бірінші рет Гладков деревняда және балық аулау кәсіпшіліктерінде басынан кешіргенін «Баланың күнделігіне» жазады.

1900 жылы «Облыстық Кубань ведомості» газетінде жазушының тұңғыш шығармасы — «К свету» повесті шықты. «Цемент» пен «Энергияның» болашақ авторы бұл кезде небары онжеті жаста еді. Осы кездің өзінде Гладков марксистер мен халықшылдар арасындағы айтыстарға белсене араласатын. Алғашқы повестен кейін ол «Максютка», «Жұмыстан кейін», «Түрме қақпасы алдында» әңгімелерін жариялады.

1901 жылы, Сибирьге жүрер алдында, Алексей Максимович Горькийге жас жазушы өзінің «На ватаге» повестін оқып, көруге жібереді. Максим Горький Гладковтың өзінің жастығына қарамастан өмірді өте жақсы білетіндігін бірден-ақ сезіп, оған жазған хатында: «Сізге жазу керек, сізде өмірді байқай білушілік, адамдарға деген сүйіспеншілік бар» — деді.

Гладков Забайкальде оқытушылық қызмет істеді. Мұнымен бірге, ол әдеби қызметке араласты.

Басынан өткізген өмір талқысы және Максим Горькийдің әсер етуі Гладковтың 1905 жылғы революция дәуірінде өзінің орнын дұрыс табуына мүмкіндік берді. Бірінші революция кезінде Гладков Тифлисте еді. Мұнда ол жоғары дәрежелі білім алу үшін оқуға түсуге келген болатын. Бұған дейін Сибирьде Чита большевиктерімен байланыста болған ройда, 1933 жылға дейін бірнеше рет Днепростройда болды. 1933 — 1935 жылдарда шыққан «Энергия» романының екі кітабы совет адамдарының Днепростройдағы қаһармандық еңбегіне арналған.

Классикалық орыс әдебиетінде жазушылардың өз өмірбаянынан алып жазған шығармалары аз емес. Мұндай шығармаларды Герцен, Салтыков — Щедрин, Лев Толстой, Короленко, А. Толстой жазды. Социалистік реализмнің жазушылары бұл дәстүрді дамыты.., алға апаруда. Классиктер сияқты, олар да өз кейіпкерінің тағдырын айналадағы ортамен, адамдармен байланыста көрсетеді, бірақ, бұл байланыс анағұрлым терең, анағұрлым кең болып жатады.

Өмірбаяндық шығарма жазу жөнінде Гладковқа өз уақытында Горький кеңес берген болатын.

Өмірбаяндық жанрда социалистік реализм әдісімен шығарма жазуда Горькийдің дәстүрін алға апарушы Федор Гладков болды. Өзінің балалық шағы туралы повесть жазуға ол 1939 жылы кірісті, бірақ, соғыс оны тез аяқтауға кедергі жасады. Жазушы бұл тақырыпқа соғыстан кейін қайта оралды. Сонымен, 1949 жылы «Балалық шақ туралы повесть», 1950 жылы «Больница» повесті жарыққа шықты. Жазушының бұл шығармалары үшін Сталиндік сыйлықтар беріліп, өте жоғары бағаланды.

Бұл повестерде оқыйға Чернавка деревнясында туған Федя деген баланың атынан баяндалады. Федя — жазушының өзі. Федяға да Горькийдің «Балалық шағындағы» Алеша Пешковке сияқты, айналадағы өмір шиеленіскен әлеуметтік қайшылықтар арқылы ашылады. Федя өмірдің не екенін, әділетсіздік дегеннің не екенін өзінің туған семьясында көріп біле бастайды. Семьяда үш үрпақтың өкілдері бар. Үлкен үрпақтың өкілдері — Федяның атасы Фома мен әжесі Анна. Олар өз өмірлерінде крепостнойлықты бастарынан өткізгендер. Федяның атасы Фома Селиверстович арқылы Гладков крепостнойлықтың адамды қалай азғындататындығын көрсетеді. Федяның атасы да Алеша Пешковтың атасы сияқты ауыр тұрмыс езіп, аздырған, қатігез адам. Федяның әкесі Василий де осындай мейірімсіз, дөрекі. Оның ойынша еркек — адам да, әйел — оның меншігі, әйелге жылы жүзбен қарау еркектің нашарлығы сияқты. Шаруалар тұрмысының осындай ұсқынсыз, тағылық жақтарын көрсетіп, Гладков олар жаратылысынан осылай емес, оларды азғындатқан, тағыландырған ауыр тұрмыс, әділетсіздік, біреудің байлығы, екіншілердің жоқшылығы деген қорытынды жасайды.

Жазушы шаруаларды қанаушылықтың жантүршігерлік картиналарын жасаумен қатар, халықтың қанаушыларға деген өшпенділігінің қалай өскенін де суреттейді. Федяның туған деревнясында кедей шаруа Никита Вуколыч

Қоғамдық малдың санын өсіру және оның өнімділігін арттыруда да кейбір табыстарға қол жетті. Малдың сапасы едәуір жақсартылды. Кәзір колхоз табындарындағы сиыр малының 80 проценті, қой, ешкінің 93 проценті, шошқаның 92 проценті асыл тұқымды және будандастырылған малдар. Малдың өнімділігі арттырылып, қоғамдық малдан алынатын жалпы және товарлы өнімнің мөлшері арта түсті. Малдың тұқымын асылдандырып, оның өнімділігін арттыруда Полудень, Приешім аудандарының көптеген колхоздары елеулі табыстарға ие болып отыр.

Колхоз өндірісін одан әрі ұлғайтып, қоғамдық шаруашылықты жан- жақты өрістетуде машина- трактор станцияларының алатын орны ерекше зор. Өйткені, МТС-тер қуатты тракторлармен және комбайн парктерімен жабдықталған. Оларда басқа да толып жатқан күрделі машиналар бар. Бұл — жыл сайын трактор жұмысының көлемін арттырып отыруға, егіншілікті механикаландыруға, егіншіліктің мәдениетін арттырып, негізгі ауыл шаруашылығы жұмыстарының мерзімдерін қысқартуға толық мүмкіншілік береді.

МТС жұмысына және колхоз өндірісіне басшылық дәрежесін арттыра отырып, партия ұйымдары, совет және ауыл шаруашылығы органдары колхоздарды ұйымдық- шаруашылық жағынан нығайтуда жақсы нәтижелерге ие болып келеді. Бөлінбейтін қорлардың мөлшері өткен жылы соғыстың алдындағы жылмен салыстырғанда 95 процент артты және колхоздардың ақшалай табысы 63 процент көбейді. Еңбекке жарайтын колхозшылардың орташа еңбеккүні 1940 жылғы 223 еңбеккүннің орнына, өткен жылы 327 еңбеккүнге жетті.

Преснов аудандық партия комитеті өзінің колхоздарға басшылық етуінде әлі де елеулі кемшіліктер бола тұрса да, бастауыш партия ұйымдарының назарын ұйымдық- саяси жұмысты күшейтуге бағыттап, күнделікті шаруашылық мәселелерді шешу ісінде совет және шаруашылық органдарының ролін арттыруды қамтамасыз етіп келеді. Аудандық партия комитетінің бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына нұсқау беріп отыруы, бюрода олардың есептерін тыңдауы және олардың аудандық комитет бюросының қабылдаған қарарын орындауына тыңғылықты көмектесуі партия ұйымдарының ролін едәуір арттыра түсуде. Партиялық жұмысты шаруашылық міндеттермен ұштастыра отырып, аудандық партия комитеті колхоз өндірісін өркендетуде жақсы нәтижелерге ие болуда.

Ауданның көптеген колхоздары өткен шаруашылық жылдың қорытындысында елеулі табыстарға ие болды. Колхоздар астық тапсырудың мемлекеттік жоспарын ұйымдық жұмысының дәрежесі төмен екендігін, кейбір партия органдарының колхоз өндірісіне басшылық ету әдістері кәзіргі талапқа сай емес екендігін көрсетеді. Кейбір партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарының назарын партиялық- саяси жұмысты күшейтуге бағыттай алмай отыр. Олар шаруашылық мәселелерін партиялық- саяси және ұйымдық жұмысты күшейту ісімен байланыстыра жүргізбейді. Мұндай жағдай әсресе, Октябрь және Мамлют аудандарында орын алып келеді.

Қоғамдық шаруашылықты басқару дәрежесін арттыру үшін колхоздарды басшы кадрлармен нығайтудың ерекше маңызы бар. Соңғы жылдар ішінде облыста колхоз председательдерінің құрамы едәуір жақсара түсті. Ауылшаруашылық мамандарынан және практикалық тәжрибесі мол адамдардан 62 адам іріктеліп алынып, колхоздарға басшы қызметтерге жіберілді. 76 адам колхоздардың басшы кадрларының ұшжылдық мектебінде және колхоз председательдерінің біржылдық курсында оқып шықты.

Колхоздың басшы кадрларын іріктеп алу және қызметке орналастыруда осындай едәуір жетістіктеріміз болумен бірге, елеулі кемшіліктеріміз де бар. Жеке партия, совет органдары колхоз председательдін, сол сияқты, колхоз өндірісінің басқа да қызметкерлерін жиі ауыстыру ісіне жол беруде. Колхоздың басшы кадрларын іріктеп алу ісімен, әсресе, Мамлют және Октябрь аудандық партия комитеттерінің нашар шұғылданып отырғандығын атап айтуымыз керек. Соның салдарынан бұл аудандарда колхоздардың басшы қызметіне лайықсыз адамдардың өтіп кетуі сияқты фактілер болды. Сондықтан да облыстық партия комитеті өзінің өткен бюроларының бірінде Мамлют ауданында кадрларды іріктеп алудың және тәрбиелеудің жайы туралы мәселе қарауға мәжбүр болды. Облыстық комитеттің бюросы Мамлют аудандық партия комитетінің кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеудегі елеулі кемшіліктерін көрсетіп, ол кемшіліктерді жоюдың нақты шараларын белгілен берді.

Кейбір аудандық партия комитеттері ауыл шаруашылығының мамандары мен практиктердің колхоздардың басшылық жұмыстарына орналастырылуына формальді түрде қарайды. Мұндай факті ККП Соколов аудандық комитеті тарапынан болды. Онда маскүнем Слюско, Новиков дегендер колхоз председателі етіп жоғарылатылды. Бұл адамдар колхозды басқарудың орнына, үнемі маскүнемдікке салынып, жұмысты ақсатумен болды.

Бұл мысал кейбір партия, совет органдарының колхоздың басшы кадрларын іріктеп алу, оларды тәрбиелеу ісіне әлі де болса немқұрайды қарап келе жатқандығын көрсетеді. Бірсыпыра аудандық партия комитеттері колхоз председательдерінің шаруашылығындағы ең ыстық көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісі нашар, мал шаруашылығының негізгі кадрларының жиі ауыстырылуына жол берілген, бірқатар аудандарда олардың теориялық білімін және мамандығын арттыру ісіне басшылық жеткіліксіз. Мұнын үстіне озат шаруашылықтар мен мал шаруашылығы озаттарының тәжрибелері уақытында қорытылып, мал фермалары мен бригадаларына таратылып отырылмайды.

Совет ауданының колхоздарында табиғи шабындықтар, жақсы жайылымдар орасан мол. Бұл жағдай ауданда мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетуге толық мүмкіндік береді. Совет аудандық партия комитеті мен атқару комитеті өздерінің мәжілістерінде бұл мүмкіншіліктерді пайдалану ісін қарап отырмайды деуге болмайды. Бұл жөнінде жақсы қарарлар да қабылданады. Бірақ олар өз қарарларының орындалуын ұйымдастырмайды. Сондықтан да ауданда мал шаруашылығының олқылықта болуына әлі күнге дейін жол берілуде.

Облыстық партия комитеті партия, совет және шаруашылық кадрларын шаруашылыққа нақты басшылық етіп, шаруашылық жұмысындағы кемшілік, жетістік жағдайларды қолма- қол аңғарып отыруға, кемшіліктерді алдын-ала болжап, оны болдырмауға қолма-қол шара қолданып отыруға тәрбиелеп келеді. Облыстық партия комитеті колхоз өндірісі жаңашылдарының озат тәжрибелерін мақтап қана қоймай, оларды өндіріске кеңінен қолдану ісіне, сөйтіп колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беруге, еңалдымен коммунистерді, колхоз басшыларын, активті және барлық колхозшыларды мемлекеттік міндені жоғары ұстау, партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау рухында тәрбиелеуге ерекше назар аударуда.

Міне, сондықтан да біз аудандық партия комитеттері секретарьларынан колхоздардың басшы кадрларын іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу ісіне өтемөте мұқият қарауды талап етіп отырамыз. Бұл іске еңалдымен партия мен үкмет директиваларының орындалуын тексеріп отыру партия ұйымдарының бірінші дәрежелі міндеті екендігін, еңбекшілерге партиялық- саяси тәрбие беру жұмысы олардың басты жұмысы болып табылатындығын төменгі ұйымдарға үнемі ескертіп отыру қажет.

Партияның XIX съезінің қарарларын ойдағыдай орындау үшін облыстық партия комитеті барлық шараларды жүзеге асырады. Еңалдымен, партия, совет және шаруашылық органдарының шаруашылыққа басшылығын жақсарта береді. Сөйтіп, облыс еңбекшілерінің бесінші бесжылдықтың міндеттерін аброймен орындап шығуын қамтамасыз етеді.

**(«Социалистік Қазақстан», 16 июнь).**

*„Ленин туының“ дабылынан кейін*

## „ҚЫМБАТТЫ УАҚЫТТЫ БОСҚА ӨТКІЗУДЕ“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 6 июньдегі санында осы тақырыпта мақала жарияланған болатын. Онда Приешім ауданының МТС-тері мен колхоздарының шөп шабу науқанына кіріспей отырғаны және оған әзірлік жұмысындағы кемшіліктер сыналған еді.

Ауданның МТС-тері мен колхоздарында шөп шабудың барысы жайында ҚКП аудандық комитеті өзінің бюро мәжлісінде мәселе қарап, газет сынын дұрыс деп тапты.

Аудандық комитеттің бюро мәжлісі, МТС директорлары мен олардың саяси жұмыс жөніндегі орынбасарларының және колхоз председательдерінің бескүндік тапсырманың орындалуын нашар ұйымдастырғанын, жемшөп қорын дайындауға нашар басшылық жасап отырғанын атап көрсетті.

Біркүндік және бескүндік тапсырмаларды орындау мақсатымен еңбек ұйымдастыруды жақсартуға, техниканы дұрыс пайдалануға бағытталған нақты шаралар белгіленді.

**Е. ОРЛОВ,**
**ҚКП Приешім аудандық комитетінің секретары.**

кіндегі жазғы театрда аудан көркемөнершілерінің коллективтері қала еңбекшілеріне концерт берді.

Концерт қоюшылардың шеберліктері соңғы кезде арта түскендігі байқалды. Әсресе, Хрипко жолдастың басқаруындағы хор совет композиторларының әндерін әсерлі етіп орындады.

Концерттің екінші бөлімінде В. Новиковтың «Жеке бастың қамы» деген пьесасы қойылды.

**М. БОЛАТОВ.**

ған жас жазушы енді Тифлис партия ұйымымен байланыс жасайды. Бірақ, полицияның тіміскіленушілігі оны Забайкальеге қайта оралуға мәжбүр етті. Онда Гладков тұтқындалып, Иркутскіге жөнелтіледі. Бұл оқыйғаны кейіннен жазушы «Старая секретная» деген үлкен повестінде баяндады.

1907 жылы Гладков Манзуркаға (Верхоленскі жанында) жер аударылады. Ол мұнда төрт жыл өткізеді.

Гладков революциялық күрес үстінде жазушы болып қалыптасты. Ол революцияға дейін бірнеше повестер мен әңгімелер жазды. Жазушы Октябрь социалистік революциясына белсене қатысып, еңбекші бұқараның революциялық күресі тәжрибесінен өзінің творчествосы үшін баға жеткісіз рухани нәр алды.

Гладковты жұртшылыққа өрісі кен көркемсөз шебері ретінде танытқан, бірінші 1925 жылы басылған «Цемент» романы болды. Бұл роман тек Гладков творчествосындағы ғана емес, сонымен қабат, сол кездегі бүкіл совет әдебиетіндегі елеулі бір жетістік деп есептелінеді. «Цемент» туралы М. Горький авторға жазған хатында былай деді: «Менің бағалауымша, бұл — өте елеулі, өте жақсы кітап. Онда революция уақытынан бері бірінші рет кәзіргі дәуірдің ең маңызды тақырыбы—еңбек тақырыбы мықтап қолға алынып, айқын бейнеленген. Сізге дейін бұл тақырыпты мұндай күшпен және мұндай шеберлікпен ешкім де қолға алған жоқ».

Жазушы Гладков БК(б)П Орталық Комитетінің 1925 жылғы «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» қаулысын өз творчествосында басшылыққа ала отырып, советтік өмір шындығын жете зерттеуде, социалистік құрылыстың нағыз ортасында болды. Ол 1927 жылдың жазында Волховстроя жобасы бойынша Ленинградтағы Волхов гидроэлектростанциясы салынатын жерге барды. Ол мұнда 1928 жылдың ортасына дейін болып, «Энергия» деген повесін жазды. Бұл повесінде Гладков шаруалардың жер үшін күресін баскарады. Сергей Коляганов та — күреске шыққан езілген халықтың өкілі. Деревнядағы тап күресіне, тіпті, шаруалардың балалары да қатысады.

1950 жылы шыққан «Вольница» повестінде Гладков Россиядағы революциялық қозғалыстың туын тақырыбын шын мәнісінде тереңінен толғай көрсетеді. Повесте, бір жағынан балықшы, жұмысшылар, олардың төзгісіз ауыр тұрмысы суреттелсе, екінші жағынан, Пустобаев, Бляхин сияқты «капитал мырзаның» өкілдері көрсетіледі. Енді Федяны біз жаңа адамдар жұмысшы табының өкілдері арасында көреміз. Оқыйға жұмысшылардың образы төңірегінде өрістейді. Ұсталар Тарас пен Игнат, шеберлер Григорий мен Харитон, теңізшілер Карп Ильич пен Балберка Федяға үлкен әсер етеді, еңбек адамының артықшылығын түсіндіреді. Бұрын деревняда жүргенде Федя жұмысшылар ұйымшыл келеді, бірін-бірі қостайды дегенді естіген болса, енді кәсіпшілікте жүріп мұны кәзімен көреді, коллектив дегеннің не екенін түсінеді.

Қысқасы, «Балалық шақ туралы повесть» пен «Вольница» повесті Гладковтың өзінің өмірбаяны ғана емес, сонымен бірге, олар XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы орыс деревнясы, ондағы шаруалардың ауыр тұрмысы, олардың сана-сезімінің оянып, өсуі және жұмысшы табы мен революциялық күрестің туы жөніндегі аса бағалы шығармалар. Кәзір жазушы өмірбаяндық трилогиясының үшінші кітабын жазуда, ол 1905 жылғы революцияға дейінгі жұмысшы табы мен интеллигенция жөнінде болады.

**Н. СӘРСЕНОВ.**

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Арнаулы магазиндерден, оның бөлімшелері мен палаткалардан Сіз 1 июньнен бастап, 25 процентке дейін арзандатылған аяқкиім, тігін бұйымдары және басқа товарларды сатып ала аласыз.

Магазиндер мен палаткалардың адресі:

№ 60 магазин, Ленин көшесі, 26-үй.
№50 магазин, Ленин көшесі, 53-үй.
№ 15 магазин, Коминтерн көшесі, 70-үй.
Ларектер совет базарында.

ССРО Жеңіл және тамақ өнеркәсібі министрлігінің № 45 құрылыс -монтаж басқармасына тұрақты және уақытша жұмыстарға инженерлер мен құрылышы, техниктер, тасшылар, слесарьлар бояушылар, ағаш шеберлері, жүк тиеушілер КЕРЕК.

Жұмыс жөнінде № 45 құрылыс- монтаж басқармасының кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.

Адрес: Мотор көшесі, 49-үй.

Малдарды санитарлық- мал дәрігерлік байқаудан өткізу жөніндегі еңбекшілер депутаттары қалалық Советі аткомінің қарарына сәйкес қалалық санитарлық- мал дәрігерлік бақылау орны шошқасы бар азаматтарды тілме ауруына қарсы егуден өткізуге міндеттейді. Шошқасын байқаудан өткізбеген азаматтарға айып салынады.

Байқау қалалық-мал дәрігерлік емдеу участогі (Степной көшесі, 70-үй) мен зоотехникалық участокте (Минск көшесі, 33-үй) өткізіледі.

## Киноларда

**«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«ДАУЫЛ»**

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«КЕТО және КОТЭ»**

Сеанстар сағат 4-6-8-де басталады.

Қалалық жол құрылысына шофер- механик КЕРЕК.

Жұмыс жөнінде мына адреске жолығу керек:

Степанов көшесі, 137-үй, телефон 0-7 (қалалық Советтің коммутаторы арқылы).

**РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.**

**УШ 01330** **Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің полиграфия өнеркәсібі мен баспа Бас Басқармасының № 18 мемлекеттік баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.**